

«8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кұрманбек Акайдар Анарғапиұлының «XIX-XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 4) Елдің зияткерлік әлеуеті – 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 2.1 Жаңа гуманитарлық білім. Философиялық және дінтану зерттеулері бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына	

		сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми манызы жоғары зерттеу жұмысының ғылымға қосқан үлесі айқын және елеулі болып табылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, жоғары құрлымының үйлесімділігі, мазмұнының жүйелілігі, сондай-ақ ғылыми деңгейі мен теориялық негізділігі атанған қорытындыға негіз бола алады. Алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар, өзектілік, нақтылық, объективтілік және тұтастық сипаттарымен сенімді түрде дәйектелеген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ізденушінің қорғауға ұсынылған диссертациясы мен жарияланған зерттеу мақалалары жазу мәдениетінің жоғары деңгейін және өзіндік авторлық стильдің қалыптасқанын айқын көрсетеді. Оның баяндау мәнері, ой толғаулары мен жасалған түйіндері арасындағы жүйелілік пен бірегейлік осы пікірді қуаттай түседі. Зерттеушінің ғылыми стилі оның маманданған саласындағы категориялық ашпаратты, негізгі ұғымдар мен тұжырымдарды терең меңгергенін айтақтайды. Сонымен қатар, бұл оның аналитикалық ойлау қабілеті мен сындрарлы тұжырым жасау біліктілігін көрсетеді. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін жан-жақты талдап, ғылыми тұжырымдарын негіздеу барысында қисынды дәлелдер келтіріп, зерттеу нысаны аясында өз көзқарасын дәйекті түрде білдіре алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация жұмысының өзектілігі тереңдігімен, елжей-тегжейлілігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Қазақстанның исламтану ғылымы аясында сопылық дүниетаным мәселесін тарихи және исламтанулық әдістер арқылы кешенді зерттеу тұңғыш рет жүзеге асырылып отырғаны зерттеудің маныздылығын айқындай түседі. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбы отандық ғылымның теориялық базасына жаңа қырынан үлес қосып қана қоймай, қоғам өміріндегі сұраныстар мен күн тәртібіндегі практикалық мәселелерді шешуге бағытталғанын көрсетеді. Еліміздегі діни ахуалдың қоғам мүшелеріне ықпалы, заманауи қоғамның дамуындағы діни факторлардың рөлі, азаматтық және діни-конфессиялық дүниетаным арасындағы өзара байланыс мәселелері сопылық ілімнің мазмұнын тереңірек

	ұғыну қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты зерттеу нысанының өзектілігі мен қойылған мақсат-міндеттердің нақтылығы ешқандай күмән туғызбайды.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Сопылық дүниетанымды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, сопылық ілімнің тарихи эволюциясы және қазіргі сопылық дүниетанымның трансформациясы тақырыбындағы үш тарау диссертация мазмұнын айқындап, оның құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл тараулардың өзара байланыстылығы, сабақтастығы және қисынды реттілігі зерттеу нысанының күрделі жүйесін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеудің негізгі өзекті идеясын тереңірек талдап, ғылыми тұрғыда байыптауға, әрі соны әрі маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге негіз қалайды.
1) айқындайды;	
2) ішінара айқындайды;	
3) айқындамайды.	
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнына толық сәйкес келеді. Жұмыста нақтыланған діни рәміздердің қалыптасу тарихы мен олардың қазіргі көрінісіне дінтанулық тұрғыда сараптама жасау, сондай-ақ Қазақстандағы сопылық дүниетаным аясында халықтың діни санасын зерделеу, қазақ халқының мәдени және рухани жүйесінің діни-философиялық мәнін талдау негізгі мақсат ретінде айқындалған. Бұл мақсатқа жету жолында қойылған тоғыз міндет мазмұны мен құрылымдық толықтығымен ерекшеленіп, зерттеудің логикалық жүйелілігін қамтамасыз етеді.
1) сәйкес келеді;	
2) ішінара сәйкес келеді;	
3) сәйкес келмейді.	
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация жұмысында ғылыми-методологиялық принциптердің тұтастығы мен зерттеудің жүйелілігі сақталған. Жұмыстың мазмұнына сәйкес барлық бөлімдері мен логикалық құрылымы нақты әрі үйлесімді келтірілген. Барлық қағидалар мен ғылыми нәтижелер өзара сабақтастықта негізделіп, логикалық бірізділікпен баяндалған.
1) толық байланысқан;	
2) ішінара байланысқан;	
3) байланыс жоқ.	
	Диссертация жұмысы кіріспеден, бірнеше бөлімшелерге бөлінген үш тараудан, қорытындыдан және дереккөздер тізімінен тұрады. Оның құрылымы мен мазмұны арнайы талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыстың жоспары зерттеу тақырыбының мәні мен маңызын ашып, әрбір тұжырымның өзара байланысын қамтамасыз еткен. Ғылыми нәтижелердің өзегі ретінде 19 және 20 ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымына исламтанулық талдау жасалған.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Жоспар зерттеу нысанының ерекшеліктеріне сай құрастырылған, жүйелі түрде пайымдалып, диссертация мәтінінде айқын көрініс тапқан. Бұл зерттеудің ғылыми құндылығы мен әдістемелік негіздемесінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер дәйекті түрде негізделіп, бұрынғы белгілі шешімдермен салыстырмалы талдау арқылы ізденушінің тың тұжырымдары айқын көрсетілген. Ірелі зерттеулердегі ой-толғамдар ізденушінің сыни көзқарасы мен ғылыми ой-елетінен өткізіліп, мазмұндық тұрғыда терең талданған. Сопылық дүниетанымының болмысын ғылыми негізде тұжырымдаған автордың өзіндік пікір жүйесі, сондай-ақ сопылық ілімінің эволюциясы мен трансформациясы мәселелеріне жасаған терең бағамдары зерттеудің мазмұндылығымен ерекшеленеді. Бұл жұмыс отандық ғылымның теориялық қоры мен практикалық маныздылығына айтарлықтай үлес қосып, зерттеудің өзектілігін дәлелдей түседі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидағтары толықтай жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ізденуші зерттеу барысында қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүйелі түрде орындап, манызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Сопылық тарихаттардың өзіндік ерекшеліктерін айқындап, оларға авторлық анықтама берген; сопылық ілімнің метафизикалық арақатынасын тереңдете талдаған; сопылық мектептердің қалыптасу көздерін және генезисінің кезеңдерін нақтылаған. Сонымен қатар, қазіргі сопылық дүниетанымының манызы мен атқаратын қызметін бағалап, жаңа діни ұғымдар практикасына олардың ықпалын зерттеген. Автор осы ұғымдардың жүйесі мен мазмұнын, қолданыстық ерекшеліктері мен трансформациясын ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде негіздеген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.	Әрбір қорытынды жеткілікті талдауларға негізделген. Ізденушінің дәйектелген әрі тұжырымдалған қорытындысының деңгейі жоғары және жеткілікті негізделген. Ғылыми қорытындылардың мазмұны мен өлшемдері
	1) толығымен жаңа;		
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		

		3) жана емес (жанасы 25%-дан кем). 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).	диссертация жұмысының негізгі қағидағары мен жанашылдыктарына толық сәйкес келеді. Диссертация жұмысының тақырыбы мен зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында орындалған. Техникалық, технологиялық немесе экономикалық салаларға тікелей қатысы болмаса да, ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындылары еліміздегі қазіргі діни ахуал мен діни қауіпсіздік мәселелерін үйлесімді шешуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері басқару шешімдеріне негіз бола отырып, ұлттық мүддеге қайшы келетін деструктивті діни ағымдардың ұстанымдарын анықтау, сырттан алынған сенімдер мен жергілікті рухани дестурлер қактығысын бәсеңдету және оның күшеюіне жол бермеу бағытындағы ғылыми негізделген шешімдерді ұсынуға септігін тигізеді. Ізденушінің зерттеу барысында ұсынтан барлық шешімдері жанашылдығымен ерекшеленеді және олар теориялық талдаулар мен дәйекті тұжырымдар негізінде жаналдан қалыптасқан. Сопылық дүниетанымының табиғаты мен олардың қазіргі қоғамдағы рөлін мәдени-философиялық, антропологиялық және исламтанулық тұрғыдан терең бағамдауы зерттеудің құндылығын арттырып, отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың теориялық және тәжірибелік маньздылығына айтарлықтай үлес қосады. Бұл жұмыс осы бағыттағы жана зерттеулерге бастама болып, ғылыми қауымдастық үшін маньзды іретас болары анық.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даарлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының әр тарауының соңында орын алған талдаулар негізінде жасалған қорытындылар зерттеудің жинақтылығы мен тиынақтылығын қамтамасыз етіп, логикалық тұрғыдан дәйектелуіне маньзды үлес қосқан. Осы құрылымдық ерекшеліктердің арқасында диссертацияның соңғы негізгі қорытындылары да ғылыми тұрғыдан негізделген, мазмұндық жағынан толыққанды және тұтастық сипатында ұсынылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	

	7.1 Ереже дәлелденді ме?	7.1 Негізгі қағидастар толық дәлелденген. Ізденіс ауқымында автор тарапынан 7 қағида анықталған және олар зерттеудің нәтижесімен біріктіге тұтасқан.
	1) дәлелденді;	
	2) шамамен дәлелденді;	
	3) шамамен дәлелденбеді;	
	4) дәлелденбеді;	
	5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
	7.2 Тривиалды ма?	7.2 Әр қағида тривиалды емес саналады. Автор қағидастарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған.
	1) ия;	
	2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
	7.3 Жана ма?	7.3 Мейлінше жана. Отандық дінтану саласындағы зерттеулерде аталған ізденісте зерттеу нысанына алынған, талданған мәселелер арнайы қарастырылмаған. Сондықтан да нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді.
	1) ия;	
	2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
	7.4 Колдану деңгейі:	7.4 Колдану деңгейі кен. Ғылыми нәтижелерді әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, осы бағыттағы пәндер аясында және құзырлы органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады.
	1) тар;	
	2) орташа;	
	3) кен	
	4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
	7.5 Мақалада дәлелденген бе?	7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 4 ғылыми мақалада жарияланды. Оның екеуі нәлдік емес импакт-факторы бар журналдарда, алғуы Қазақстан Республикасы ҒҖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, бесеуі
	1) ия;	
	2) жоқ	

		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының методологиясы нақты, дәлелді, дәйекті және ірелі негізде құрылған. Ізденуші көтерген тақырыпты ашу барысында жүйелік, компаративистикалық талдау, ретроспективті әдіс және басқа да зерттеу тәсілдерін тиімді қолданып, манызды ғылыми жаңалықтарға қол жеткізгенін атап өтуге толық негіз бар. Методологиялық тұрғыдан алғанда, бұл ғылыми еңбектің айрықша сипаттамасы – діни рәміздердің діндер жүйесіндегі рөлі, манызы мен қызметін саралап, олардың ішкі мәнін, сондай-ақ жаңа діни ұғымдар практикасына қатысты рәміздердің манызын, жүйесі мен мазмұнын, қолданысы мен трансформациясын дінтанулық тұрғыдан терең зерттеуінде жатыр. Зерттеу жұмысы деректемелік негіздерді талдау барысында өзіндік методологиялық ерекшеліктерге сүйенгенін айқын көрсетеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:		
		1) ия; 2) жоқ.	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны анық аңғарылады.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дағдылар бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациядағы теориялық қорытындылар мен ұсыныстар ғылыми тұрғыдан негізді және дәлелді болып табылады. Олар нақты дереккөздер мен ой-тұжырымдарға сүйене отырып, жан-жақты дәйектелген. Автордың өзіндік тұжырымдары зерттеу проблематикасын нысанаға ала отырып, әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдарды бір арнаға тоғыстырып, діндер жүйесіндегі діни символдардың дінтанулық негіздерін айқындауында көрініс тапқан. Ізденуші тарихаттарды зерттеу нысаны ретінде қарастырудың тарихи-танымдық аспектісін терең зерделей отырып, қазіргі замандағы дін болмысын зерттеу мен танудың манызды құрамдас бөлігі екенін дәлелдеген. Сонымен қатар, қазақ халқының діни сеніміндегі сопылық дүниетанымының рухани тамырларымызды, түрлі тарихи кезеңдердегі болмысымызды және әлеуметтік тәжірибемізді түсінудегі рөліне ерекше назар аударған. Ол дәстүрлі діни таныммен тығыз байланыстағы сопылық дүниетанымының қазіргі және болашақ қоғам үшін маныздылығын айқын көрсеткен. Диссертацияда дәйектелген ғылыми тұжырымдар мен идеяларды халқымыздың рухани бірлігін нығайтуға, діни сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған әлеуметтік-гуманитарлық ғылыми негіздеме ретінде қарастыруға болады. Бұл жұмыс ұлттың діни-рухани мұрасын терең түсінуге және оны заманауи қоғам қажеттіліктеріне бейімдеуге айрықша үлес қосады.
2) жоқ.	Ізденуші өз зерттеуінде тақырыптың түрлі қырларын жан-жақты пайымдау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін, сондай-ақ эмпирикалық дереккөздер мәліметтерін зерделеп, талдау негізінде манызды ғылыми тұжырымдарға қол жеткізген. Бұл тұжырымдар зерттеудің әр тарауында іргелі ғылыми әдебиеттерге жасаған сілтемелер арқылы айқын көрініс тапқан және олардың негізділігі мен ғылыми маныздылығын дәлелдейді.
8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Қолданылған дереккөздер әдеби шолу үшін жеткілікті деңгейде қамтылған. Ізденуші зерттеу нысанына алынған тақырып аясындағы ғылыми еңбектерді барынша қамтуға тырысып, жұмысты әзірлеу барысында қажетті материалдарды тиімді пайдаланған. Пайдаланылған әдебиеттер бөлімінде көрсетілген 180 дереккөздің ішінде зерттеу тақырыбына тікелей қатысты
8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Қолданылған дереккөздер әдеби шолу үшін жеткілікті деңгейде қамтылған. Ізденуші зерттеу нысанына алынған тақырып аясындағы ғылыми еңбектерді барынша қамтуға тырысып, жұмысты әзірлеу барысында қажетті материалдарды тиімді пайдаланған. Пайдаланылған әдебиеттер бөлімінде көрсетілген 180 дереккөздің ішінде зерттеу тақырыбына тікелей қатысты

			енбектер мен ізденістер ірелілігімен және негізділігімен ерекшеленеді, бұл зерттеудің жоғары ғылыми деңгейін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық кағидаы	9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:	Зерттеудің теориялық құндылығы жаңалану кезеңіндегі рухани ізденістер мен толғаныстардың ұлғаюымен, сенім мен танымын белгілі бір қалыптарға түсуіне деген ұмтылыстың күшеюімен тығыз байланысты. Бұл ахуал дінтанулық зерттеулерге деген қажеттіліктің артуымен және діни білімге деген сұраныстың өсуімен ерекшеленеді. Осы үдерістер аясында зерттеуде ұсынылған байыпты ғылыми тұжырымдар мен шешімдер зерттеудің маныздылығын айқындай түседі.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертация жұмысының нәтижелері исламтану бағытындағы зерттеулерге манызды теориялық негіз болуымен қатар, еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін нығайтуға, діни конфессиялар арасындағы толеранттылық пен диалогты қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосатыны анық.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Осы тұрғыдағы жұмыстың жаңалығы мен құндылығын отандық исламтану ғылымы саласындағы алғаш рет жазылған ғылыми зерттеу екені де толықтыра түседі. Осы себепті де бұл бағыттағы теориялық және практикалық базата жол ашуы, жаңа зерттеулер мен ізденістерге түрткі болатындығы тұжырымдымыздың дәйектілігін куәаттай түседі.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Сауатты ғылыми стиль, қисынды, дәйекті ой-тұжырымдар ізденістің жоғары

		2) орташа;	деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де анықтайды.
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		- Рухани тәрбие мен сопылық тәжірибелерінің қазіргі заманғы әлемуеттік немесе психологиялық әсерлері туралы нақты деректер, мысалдар немесе зерттеу нәтижелері қосымша берілсе, диссертацияның ғылыми және практикалық маңызы артар еді. - Қорытынды өте көлемді, оның негізгі мазмұнын қысқарту арқылы басты идеяларды нақты әрі ықшам жеткізуге болатын еді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		1. Phagos Journal of Theology. ISSN 2414-3324 (online). Volume 109, Regular Issue - 2 (2025). Макалада ұжымдық рәсімдер, билік пен мәдени капиталдың социологиялық теорияларын қолдана отырып, ежелгі түркі көшпелі мәдениетіндегі сопылық мотивтер ашылады. Зерттеуде Ұлы Дағадаты исламға дейінгі тәңіршілдіктің сопылықпен синтезі қарастырылып, бұл рухани тәжірибелердің ұжымдық сәйкестілік пен этикалық нормаларды қалай қалыптастырғаны талданады. Сонымен қатар, исламтанулық талдау арқылы сопылықтың мәдени құндылықтарға, әлеуметтік құрылымдарға және жеке тұлғаға әсері айқындалып, оның Орталық Азия мәдениеттерінің тарихи эволюциясындағы рөлі нақты көрсетіледі. 2. Adam Alemi. 2022. No. 4 (94). - P. 159-169. Макалада отбасыны қорғау және ұрпақ жалғастыру тұрғысынан Пайғамбарымыздың хадистері мен сүннеттерінде жүргізілген үгіт-насихат жұмыстары баяндалады. Отбасы бақытының жапғасуы үшін қолданылған шаралар нақты мысалдар мен хадистер негізінде талданған. Әдіс ретінде тақырыпқа қатысты риуаяттар, сопылық дүниетаным бойынша сахих хадис көздері анықталып, бағаланады. Сондай-ақ, бұл мәселеге қатысты тәпсіршілердің пікірлері талқыланады. Исламтанулық, мәдени және діни нәтижелер заманауи ғылым деректерімен салыстырылып, олардың шынайылығы мен шешімге бағытталғандығы айқындалады. 3. Phagos Journal of Theology. ISSN 2414-3324 (online). Volume 104, Issue 5 (2023).

			Мақалада терроризмнің идеологиялық негіздері мен олардың ұлттық контексте теологиямен қиылысуы арасындағы күрделі өзара әрекеттестік талданады. Зерттеу терроризмнің мәнін, оның идеологиялық және теологиялық аспектілерін аша отырып, сопылық дүниетанымының жаһандану дәуіріндегі экзистенциалдық күйзеліс, мәнсіздік және бөтенсу мәселелеріне жауап бола алатынын тұжырымдайды. 4. Eurasian Journal of Religious Studies. 2022. No. 3 (31). - P. 3-10. Мақалада Шиабулдин әл-Абусидің өмірі, ғылым жолы, ұстаздары мен шәкірттері және шығармашылық мұрасы қарастырылады. Сонымен қатар, оның жазған еңбектері, өмір сүрген еліндегі діни-саяси және әлеуметтік жағдайлары сипатталып, сопылық дүниетанымдағы көзқарастарына ғылыми талдау жасалған. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жеткілікті. «8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлының «ХІХ-ХХ ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымы» атты диссертациясы ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлына «8D02204-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28-тармағына сәйкес)		

Ресми рецензент:
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университеті, Теология факультетінің деканы**
фиғос.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қолы **С.У. Абылқалимов**
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті
Адам ресурстарын басқару бөлімінің бастығы

С.У. Абылқалимов
Адам ресурстарын басқару бөлімі

